

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының еншілес мемлекеттік кәсіпорындар құруы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 қазандағы N 1028 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарына заңнамада белгіленген тәртіппен қосымшаға сәйкес еншілес мемлекеттік кәсіпорындар құруға рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі осы қаулыны іске асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 3 0 қ а з а н д а ғ ы

N 1 0 2 8 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының құруына рұқсат берілген еншілес мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі

№N	Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың атауы	Еншілес мемлекеттік кәсіпорындардың атауы
1	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Мал шаруашылығы және ветеринария ғылыми-өндірістік орталығы"	Қой шаруашылығы зерттеу орталығы
2	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы"	Картоп және көкөніс шаруашылығы зерттеу орталығы
3	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы"	Ө.Ө. Оспанов атындағы топырақтану және агрохимия зерттеу орталығы
4	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Ауыл шаруашылығын механикаландыру ғылыми-өндірістік орталығы"	Ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану және жөндеу зерттеу орталығы
5	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі ғылыми-өндірістік орталығы »	Ет және сүт өнеркәсібі зерттеу орталығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК